

№50 жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ № 6

Өткізілген күні: 21 қыркүйек, 2020 жыл.

Өтетін орны: мектеп, 243 кабинет

Төрайымы: С.Утебалиева

Хатшы: Н.Кенжеғалиева

Күн тәртібінде

1. Орта білім беру ұйымдарын ұстау үшін бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуды жөнінде есеп беру туралы

Мектеп директоры М.Жумағалиева

2. 02.09.2020-ғы №1.1-29/4239 хатын таныстыру.

Мектеп директоры М.Жумағалиева

3. Орал қаласының білім беру бөлімі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 26 тамыздағы №5958 хаты негізінде әдеп кодексін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың жобасын қамқоршылық кеңес мүшелерінің талқылауы.

Қамқоршылық кеңес төрайымы С.Утебалиева

4. Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілді тағайындау.

Қамқоршылық кеңес төрайымы орынбасары Г.Дюсенова

ТЫНДАЛДЫ 1

2020 жылғы мектептің жалпы бюджеттік қорына 332 896 000 теңге бөлінді. Жалпы бюджеттен бөлінген 8 407 000 теңгеге:

1. мектептің әрбір қабаттарына оқушыларға арналған 6 дана ауызсу құбыры - 390000 мың теңгеге;
2. мектептің шаруашылыққа қажетті заттарына 222017 мың теңге;
3. Жылу радиаторларын кап орнатуға - 320 000 теңге;
4. шынтакты дозатор 36 дана - 122 400 теңге;
5. кеңсе тауарлары 202 944 теңге;
6. температура өлшеуіш 10 дана - 150 000 теңгеге;
7. бөлме ылғалдандырғыш (кварц лампы) 2 дана 90000 теңге;
8. дезинфекциялық төсемше 36 дана - 252 000 теңге;
9. бетперделер 254 дана - 18264 теңге;

Мектептегі аз қамтылған, көп балалы және өзге де санаттағы оқушыларына:

1. роутер 65 дана – 1 044062,50 теңге;
 2. веб камера 50 дана – 325000 теңге бөлінді.
- Жалақы, зейнетақы, әлеуметтік салым, кезекті демалыс, әлеуметтік салыққа бөлінген ақша суммасы – 298 653 000 теңге. Телефон, интернет, мектепке қажетті (веб камера, өрт қауіпсіздігі, септик, оқушыларды тамақпен қамту) бөлінген ақша 23001000 мың. Оқу жылында мектебімізде көп балалы, аз қамтылған және өзге де санаттағы отбасы балаларына (116 оқушыға) мектеп формасына және мектеп құрал-жабдықтарына - 2 835 000 теңге бөлінді

ІНДАЛДЫ 2

Сөйледі: Мектеп директоры - М.Е.Жумагазиева. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен 02.09.2020-ғы №1.1-29/4239 хат келгендігін мәлімдеді. Алдымен бұл хат жөнінде ұжыммен таныстырылып талқыланғанын айтты. Осы хатты мектебіміздің қамқоршылық кеңесіне талқыға салуды ұсынды.

ТЫНДАЛДЫ 3

Сөйледі: Қамқоршылық кеңес төрайымы - С. Утебалиева. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласына арналған ұсынымдар жүйесін орнатуға бағытталған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу міндеттері:

1. қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың нақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;
2. сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың кағидаттары - заңдылық, ашықтық, әдептілік.

Қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлық стандарттары. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын тиісті салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерін;
2. Қазақстан халқының бірлігі мен еліміздің ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа да тілдерді, Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін құрметтеу;
3. жеке тұлғалар мен заңды өкілдермен және әріптестерімен қарым-қатынас жасауда адал, әділ, қарапайым болу, көпшілік мақұлдаған моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, сыпайылық және биязылық таныту.
4. жеке басының мәселесін шешу мақсатында мемлекеттік органдар, ұйымдар, мемлекеттік қызмет және басқа да адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау.
5. шындыққа сәйкес емес ақпараттарды таратпау.
6. мемлекеттік органда еңбек заңнамасы мен мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы орындауды қамтамасыз ету, еңбек тәртібі мен шарттарын сақтауды, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді қамтамасыз ету.
7. әріптестерге, басшылыққа және де өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлық жасамау және мүліктік пайда немесе артықшылық пайда алу үшін қызметтік өкілеттілікті пайдалана отырып қызметтік емес қызмет көрсетпеу.
8. сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылықты ашуға белсенділік таныту.
9. табыс табуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де әрекеттерді іске асыруда біреуге көмектесуден бас тарту.

ІНДАЛДЫ 3

Сөйледі: Қамқоршылық кеңес төрайымы орынбасары Г.Дюсенова. Білім беру саласында соңғы үш жылда 412 сыбайлас жемқорлық 2018 жылы - 145, 2019 жылы - 161, 2020 жылы 1 тоқсан - 106 құқық бұзушылық тіркелген. Олардың 246 адамы қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Бұл құқық бұзушылықтар білім беру қызметтерінің сапасын төмендетеді, жұртшылық тарапынан жалпы білім беру жүйесіне деген сенімге нұқсан келтіреді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту, сондай-ақ парасаттылық мәдениетін қалыптастыру мақсатында әрбір ұйымдарда әдеп кодекстерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды және т.б қабылдай отырып, мектеп директорының орынбасарларын лауазымдық қызметке тағайындау жұмыстарының жүргізілуі. Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл барлық мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жергілікті өңірлердегі осы мәселелер бойынша істердің жай-күйі үшін дербес жауапкершілік жүктеледі. Мектебіміздің әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл етіп директордың ғылыми әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Жукеева Гүлхан Берікбаевна тағайындауды ұсынамын.


Кеңес мүшелері мектебіміздің әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл етіп директордың ғылыми әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Жукеева Гүлхан Берікбаевнаның уәкілдігін дауысқа салды. Кеңес мүшелері бір ауыздан толықтай директордың ғылыми әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Жукеева Гүлхан Берікбаевнаны тағайындады.

ҚАУЛЫ:


1. Бюджеттен бөлінген қаражат есебін дәстүрлі түрде жыл сайын жоспар бойынша тыңдалсын.
2. Қалалық білім беру бөлімінің 02.09.2020-ғы №1.1-29/4239 хаты таныстырылсын.
3. Орал қаласының білім беру бөлімі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 26 тамыздағы № 5958 хаты негізінде әдеп кодексін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың жобасын қамқоршылық кеңес мүшелерімен талқылансын.
4. Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі уәкілі директордың ғылыми әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Жукеева Гүлхан Берікбаевнаға жүктелсін.


Келісілді:

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Утебалиева Сағыныш Джамбуловна 

Мүшелері: Мухитов Нурболат Абаевич 

Кульшурина Маншук Куспановна 

Жұбанова Лаззат Еркингалиевна 

Сарғужиева Жамиля Бериковна 

Дюсенова Гүлжаркын Баймырзақовна 

Жаңабаева Райхан Жаңабайқызы 

Хатшы: Кенжегалиева Нурзия Амангалиевна 